

1 дәріс.

Психология ғылымының жалпы мәселелері.
Психология пәні, оның міндеттері мен әдістері,
салалары

Жоспар:

1. Психология ғылым ретінде.
2. Психологиялық зерттеулердің негізгі әдістері.
3. Психологияның даму тарихы.
4. Психология ғылымының негізгі салалары.

Психология бұл "жан туралы ілім" деген ұғымды білдіреді. Психологиялық ғылыми білімдердің тарихы екі кезеңге бөлінеді. Оның біріншісі — шамамен 2500 жылға созылған, көшбасы Аристотельден басталатын жан дүниесі жайлы түрлі ой-пікірлер. Осы кезең ішінде психология басқа ғылымдармен, әсіресе, философиямен қосақтаса дамыған.

"Психология" терминінің бірінші қолдануы 1590 жылы Неміс ғалымы Рудольф Гокельге беріледі. Алайда одан алты ғасыр бұрын Хорват гуманисті - Марко Маурулиц бұл терминді өзінің кейіннен жоғалған еңбегінің есімі ретінде қолданған. Бұл әрине терминнің ең бірінші қолданылуы болмауы мүмкін, бірақ бұл бүгінгі күндегі терминнің ең алғашқы құжатталған қолданылуы болып есептеледі. 1879 жылы "психологияның атасы" болып танылған Вильхельм Вундт (1832-1920) Германияның Лейпциг Университетінде психологиялық зерттеу зертханасын ашты.

Өзінің "жан" мен "тану" деп көне грек тілінен аударылған түбірлеріне қарамастан, психология ғылымы өзінің діни мәнінде адам жанының зерттеуі болып тек одан көп уақыт өткеннен кейін, христиандық заманда танылды. Психология медицинаның тарауы ретінде танылуы Томас Уиллистің ми функцияларының мәніндегі "Жан Доктринасы" мен анатомиялық трактаты "Хайуан Жандар Жайлы Екі Пікірлесу" ("De Anima Brutorum") атты еңбектерінде көрінеді. 19шы ғасырға дейін психология философияның бір тармағы ретінде қарастырылды.

- 1-кезең Психология “жан туралы ғылым” болғандықтан ежелгі замандардан бері, біріншіден психика бейнесі “рух” пен материяның өзара байланысының жалпы проблемасын шешу барысында да қалыптасты. “Рух” материядан тыс бола ала ма, “жан” денеден бөлек өмір сүре ала ма? Осындай және осы тектес философиялық және идеологиялық проблемаларды талдау барысында психикаға адамдардың қиялында бейнеленетін қасиеттерді басқа қасиеттерге байланысты анықтаса, екінші жағынан нақты осы қасиеті арқылы барша табиғатты мифологиялық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндіктер ашады.

2-кезең Психологияның зерттеу объектісі – сана деп қарастырылып мұнда ұзақ уақыт интроспекция әдістемесі негізгі ғана емес жалғыз психологиялық әдіс болды. Ол екі негізгі бағытпен тұжырымдалады; біріншіден, сана процесі сыртқы бақылау үшін “жабық”, ал екіншіден сана процесі субъектінің өзінде ашылады. Бұл тұжырымдардан сана процесі басқаға түсініксіз нақты адамның өзінде ғана оқылады. Осы интроспекция әдісінің негізін қалаған Дж. Локк. Психология ғылымының дамуы үшін интроспективті психология айтарлықтай мәнді әсер қалдыра отырып, мынандай теориялар қатарын ұсынды;

- В.Вундт және Э.Титченер негізін қалаған сана элементтерінің теориясы;
- Ф.Брентано атымен байланысты дамыған сана актілерінің психологиясы;
- У.Джемсом құрған сана қарқыны теориясы;
- В.Дильтеяның түсіндірмелік психологиясы.
- Қазіргі психологияда интроспекция ұғымын өзін-өзі бақылау әдістемесі ретінде қолданылып жүр

3-кезең Психологияның зерттеу объектісі мінез-құлық деп қарастырылып, сонымен бірге американ психологы Джон Уотсон (1878-1958) негізін салған бихевиоризм бағыты еді. Олар “психология бихевиористің” көзқарасы тұрғысында деген еңбегінде ескі психология тіліндегі сана, ерік, эмоция, қабылдау, бейнелеу, т.с.с. терминдерден бас тарту дұрыс деп есептеді. Оның орнына “бихевиор” –ағылшын сөзі, қазақша ”мінез –құлық” деген мағынаны білдіреді. Бихевиористер психиканы мінез-құлықтың әр түрлі көріністері, организмнің сыртқы әсерге (Ұ) стимул қайраттан жауап (R) реакцияларының жиынтығы деп түсіндіреді. Бихевиористер мынадай анайы тұжырымға келді: мінез-құлықта белгілі бір стимулдар жинағына қатаң белгіленген реакциялар сәйкес келеді, түптеп келгенде, стимул мен реакциялардың арасындағы өзара байланысты дәл сипаттауға болады. Сол арқылы адамның мінез-құлқын зерттеу мәселесі шешіледі.

4-кезең Психикалық құбылыстардың
механизмдері мен заңдылықтарын
зерттелінеді. Қазіргі психология ғылымының
негізін қалаған атақты ғалымдар С.Л.
Рубинштейн, Л.С.Выготский, А.Р.Лурия
зерттеулері айрықша айтылса және ХХ ғ-дың
30-60-шы жылдардағы психологтар Б.Г.
Ананьев, А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин; А.В.
Запорожец, Д.Б.Эльконин т.б. еңбектерімен
байланысты қаралады.

Бақылау сұрақтары:

1. Психологияға ғылым ретінде анықтама беріңіз.
2. Ғылыми және тұрмыстық психологияның айырмашылығы неде?
3. Психологияның пәні не? Психикалық құбылыстарды жіктеңіз.
4. Қандай психикалық процесстерді білесіз?
5. Психологияның қандай салалары бар? Олардың алдына қандай міндеттер қойылған?

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі

1. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию.- М., 2009.
2. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері: дәрістер курсы. - Алматы, 2008.- 159.
3. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы, 2013.
4. Жарықбаев, Қ. Жантануға кіріспе. - Алматы: "ИНФОРМ - АРНА", 2009.- 187.